

3 *Афонина И., Барсукова Л.* Некоторые подходы к организации исследовательской деятельности студентов // Дошкольное воспитание. — № 8. — М.: Воспитание дошкольника, 2001. — С. 91–94.

4 *Леонтьев А.Н.* Лекции об общей психологии. — М.: Смысл, 2001. — 511 с.

5 *Колесникова И.А.* Педагогическое проектирование: Учеб. пособие для студ. вузов / Под ред. И.А.Колесниковой. — М.: Академия, 2005. — 285 с.

6 *Шмачилина С.* Роль вузовского этапа в формировании исследовательской культуры социального педагога // Alma mater= Вестник высшей школы. — № 8. — М.: Академический печатный дом, 2005. — С. 52–54.

Г.К.Тлеужанова, Д.Д.Шалдыбаева

## Проблемы формирования научно-исследовательской культуры студентов

Статья посвящена научно-исследовательской культуре студентов, которая помогает им совершенствовать учебно-познавательную деятельность, способствует созданию системы теоретических знаний и практических умений, позволяет формировать отношение к современной науке как важнейшему средству проектирования и прогнозирования собственной деятельности, а также рассматривает ее как особый вид интеллектуально-творческой деятельности, порождаемый в результате функционирования механизмов поисковой активности и строящийся на базе исследовательского поведения.

This article is devoted to the scientific culture of students which is helped student to develop educational-cognitive activity. Scientific culture of students is contributed to create system of theoretical knowledge and practical ability, it is allowed to form attitude to science which is important resource of planning and forecast of own activity. Also scientific culture of students is considered special type of intellectual-creative activity which is based on research behavior and it is generated as a result of function searching activity. Scientific culture of students is important in life of students.

ӨЖЖ 371.13 [574]

С.А.Қыпшақов<sup>1</sup>, И.С.Өтебаев<sup>1</sup>, Г.Б.Боқаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;*

<sup>2</sup>*№ 86 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды*

## Кәсіби оқыту педагогын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлау

Мақала студенттердің жобалау мәдениетін кәсіби қызметінің бөлігі ретінде қалыптастыру мәселесіне арналған. Болашақ мамандарда жобалау мәдениетін қалыптастыру шарттарының біріне жобалауға үйрету жатады. Тұлғалық бағытталған тиімді педагогикалық технологиялардың ішінен білім берудің жана мақсаттарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, сондай-ақ еңбек нарығының талаптары өзгермелі жағдайында бәсекеге қабілетті маман даярлауды қамтамасыз ететін жобалауға оқыту технологиясына негіздеме жасалған. Авторлар жобаны кезеңдерге бөліп орындауды қарастыратын жобалау әдісіне негізделген оқыту әдістемесін келтірген.

*Кілтті сөздер:* кәсіби оқыту педагогы, құзыреттілік, жобалау іс-әрекеті, бейіндік мектеп, кәсіпкерлік іс-әрекет, бейіндік оқыту, білім беру процесі, жобалау, тұлға, кәсіби даярлау.

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы оқыту процесі, оның мазмұны және оны ұйымдастыру ғылым мен техниканың, технологиялардың дамуы мен қарқындауының қазіргі кездегі деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады. Жоғары оқу орнының түлегі өзінің функционалдық міндеттерін кез келген жағдайда орындауға жан-жақты дайын болуы керек. Осы тәуелділікті кәсіби білім беру мекемесіндегі оқыту мазмұнының маманның кәсіби іс-әрекетінің талаптарына сәйкестігі диалектикалық принципті көрсетеді.

Жалпылаудың теориялық деңгейі құзыреттіліктері, болмыстың заттары мен құбылыстарының ішкі байланыстары мен қатынастарын көрсетеді, оларды нақтылау түсініктерде, заңдарда, принциптерде жүзеге асырылады.

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлау процесінде олардың жобалау іс-әрекетіне даярлығын қалыптастыру мәселесінің орны ерекше. Себебі жалаң «білімдер, іскерліктер және дағдылар» қалыптастырудан құзыреттіліктер қалыптастыруға көшіп отырған бүгінгі күнгі білім парадигмасына сәйкес ең алдымен педагогты шығармашылықпен жұмыс жасауға дайындау қажеттігі туады. Ал оның шығармашылықпен жұмыс жасай алуы оның аталған даярлықтың, яғни, жобалау іс-әрекетіне дайындығының қалыптасуымен тығыз байланысты.

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мәселесін шешуде педагогикалық жобалаудың маңызы зор. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде ол оқытушының маңызды кәсіби-педагогикалық функциясы ретінде қарастырылады және педагогтың өзінің әрекеттерін және әдістемелік даярлығын талдау негізінде көрсетіледі. Ғалымдардың айтуынша, жаңа идеяларды іске асыру және жаңа білімдерді берудің құралы «жобалау» деген атқа ие болған жаңа үлгілерді құруға байланысты теориялық іс-әрекет болып табылады.

Кенестік энциклопедиялық сөздікте «жобалау» ұғымы аясында: «1. құрылыстың, механизмнің немесе құрылғының жоспарын жасау; 2. белгілі бір құжаттың алдын ала мәтінін жасау» түсіндіріледі.

Көптеген ғалымдардың талдауынан көрінетіндей, жалпы «жобалау» ұғымы антикалық дәуірден-ақ белгілі болған. Мәселен, Платонның «Мемлекет» атты еңбегінде «мемлекетті басынан бастап ойша құрумен айналысайық» деген сөздер кездеседі. Ал жобалаудың бір нәрсенің сұлбасын ойша жасау екенін ескерсек, осы жерде сөз жобалау процесі туралы болып тұрғанына сөз жоқ.

Жобалау процесінің құрамдас бөліктері болып ойдың (идеяның) тууы, жобаны жасау және іске асыру табылады. Сол сияқты ғалымдар жобалау кезеңдері ретінде үлгілеу (модельдеу), жобаны жасау және құрастыруды (конструкциялау) көрсетеді. Үлгілеу объектіні жасаудың жалпы идеясын, оның мақсаттық идеалын жасауға бағытталады. Жоба жасау — жасалған үлгіні одан әрі жетілдіру, нақтылау және практикалық қолдану жағдайына жеткізу. Құрастыру жасалған жобаны нақты әлеуметтік-мәдени жағдайларда іске асыруға жеткізуді қарастырады.

Жобалау оның ойлау іс-әрекетінің семиотикалық құрамдас бөлігінің (яғни белгілік көрінісінің) күрделенуіне қарай өнім даярлау саласынан жеке іс-әрекетке бөлінді. Жобалау функциялары өнімді даярлаудың ең жақсы нұсқасын таңдау және оның жекелеген жоспарларын құру болып табылады. Негізінен жалпы мағынасында жобалау құрастыру мен тауарды нақты жасау арасындағы еңбек бөлінісінен туындайды. Жеке іс-әрекет ретіндегі жобалаудың мақсаты — қолда бар, жасалған білімдер жүйесін қолдана отырып, өнімді ойша құрастыру.

Жобалаудың негізгі орталық мәселесі — сұранысқа сәйкес жобалау іс-әрекетінің құралдарын таңдау болып табылатыны түсінікті. Жобалау құралдары дегеніміз — қоғамдық-тарихи даму барысында жасалған адамның қоршаған ортаға әсерінің тәсілдері. Жобалау құралдарын таңдаудың оңтайлылығы жобалау субъектісінің әлеуметтік және кәсіби құзыреттілігімен, оның дүние туралы, дүниедегі адамның орны туралы көзқарасымен, оның объективті және субъективті болмысты өзгерту тәжірибесімен анықталады.

Жобалау инженерлік іс-әрекеттің ерекше түрі ретінде ХХ ғасырдың басында қалыптасты, алғашында бұл ұғым сызба сызушылардың іс-әрекетімен тығыз байланысты болған. Оның инженерлік іс-әрекеттің жеке саласы ретінде шығуының себебі — инженер жоспарлаған ойды (заттың сұлбасын) өндірістегі орындаушыларға (жасаушыларға) неғұрлым дәл жеткізу қажеттігі. Уақыт өте келе бұл іс-әрекет сызда болашақ техникалық жүйенің параметрлерін ғылыми-техникалық есептеулермен, оны алдын ала зерттеумен байланыстырыла бастады.

Инженерлік жобалау туралы сөз болғанда дәстүрлі түрде оның ішкі және сыртқы түрлерін бөліп көрсетеді. Бұлардың біріншісі техникалық жүйені өндірісте жасауға негіз болып табылатын жұмыстық сызбалар (техникалық және жұмыстық жобалар) жасаумен байланысты. Екіншісі — тиісті техникалық ғылымда құрылған әдіснамалық қағидалар арқылы жүйенің жалпы идеясын жасау, оны зерттеумен байланысты болады. Бұл жерде жобалауды құрастырудан (конструкциялаудан) айыра білу керек. Жобалау іс-әрекеті үшін бастапқы негіз әлеуметтік сұраныс, яғни белгілі бір объектілерді жасауға қажеттілік, болып табылады. Жобалау іс-әрекетінің нәтижесі конструкторлық іс-әрекеттің нәтижесінен бөлек: ол ерекше белгілік түрде (мәтін, сызба, кесте т.б.) болады. Ал конструкторлық іс-әрекет нәтижесі тәжірибелік үлгі болып табылады.

Жобалау жаңашылдықтың эволюциясының және жаңа енгізуді іске асырудың картасы болып табылады. Оның да өз шекаралары бар. Бірақ оларды нақты белгілеу мүмкін емес, дегенмен әр нақты жоба үшін олар жеке анықталады.

Жобалауды қарастырылып отырған жүйенің бір жағдайдан екіншісіне көшуін жоспарлау, яғни өзгеруі процесі, ретінде қарастырсақ, онда бұл процестің ерекшеліктері мен заңдылықтарын, принциптерін анықтау қажеттігі туады. Бұл жаңалықтарды енгізуде үнемі туындайтын проблемалардың көзін ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі жағдайда педагогикалық жобалаудың қарқынды дамуы оны қолдану мүмкіндіктеріне көзқарасты түбірімен өзгертуді талап етеді, себебі жобалау мәселесі ғылыми тұрғыда негізделмесе, оның нәтижесі айта қаларлықтай болмайды.

Эмпирикалық құзыреттіліктер заттар мен құбылыстардың сыртқы қасиеттерін көрсетеді. Олар қолданбалы сипатқа ие. Бұл деңгейді нақтылау сөз-терминдерде, символдарда, белгілерде, процессуалдық білімдерде, иллюстрацияларда, мысалдарда жүргізіледі [1].

Жалпы түрде құзыреттіліктерді жалпыланған білімдердің тұтас әрі жүйеленген жиынтығы ретінде анықтауға болады. Кеңінен қолданылатын құзыреттіліктер кілттік деп аталады. Олар қазіргі ғылыми білімнің негіздерін, болмыстың көптеген заттары мен құбылыстарының принциптері мен заңдылықтарын қамтиды. Зеердің пікірінше, оларды негізінде базалық құзыреттіліктер деп атаған жөн [2].

Базалық құзыреттіліктер көпфункционалды және пәнаралық болып табылады. Олар сонымен қатар көпөлшемді болып келеді, себебі олардың құрамына танымдық, операциялық-технологиялық, эмоционалды-еріктік және мотивациялық компоненттер кіреді.

Бұдан шығатын қорытынды — базалық құзыреттіліктерге жалпылаудың кең деңгейімен ерекшеленетін әмбебап білімдердің кешенін жатқызамыз. Бұл кіріктірмелі білімдер ғылымның, техника мен қоғамның өмір сүруінің жалпы ғылыми және жалпы кәсіби категорияларын, түсініктерін, заңдарын, принциптері мен заңдылықтарын қамтиды.

Базалық құзыреттіліктерге мыналар жатады (Э.Ф.Зеер бойынша):

- жалпы ғылыми — түсініктер, табиғаттың, қоғам мен адам іс-әрекетінің негізгі заңдары;
- экономика мен ұйымдық көңіл-күйдің әлеуметтік-экономикалық негіздері;
- азаматтық-құқықтық;
- ақпараттық-коммуникативтік;
- политехникалық-техника мен технологиялардың жаратылыстану-ғылыми негіздері, автоматтандырылған өндірістердің, бақылау жүйелерінің және оларды басқарудың жұмыс істеу принциптері;
- жалпы кәсіби — мамандықтар топтарына тиісті.

Сонымен, бұларға тұлғаның қандай қабілеттері, қасиеттері мен сапаларын жатқызуға болады? Оны айыру үшін тұлға психологиясының тұжырымдық негіздерін анықтау керек.

Психологияда тұлға көпөлшемділігімен, иерархиялылығымен сипатталатын ашық динамикалық жүйе ретінде қарастырылады. Онда Б.Ф.Ломов үш функционалды жүйені бөліп көрсетеді. Оның біріншісі — құрамында қабылдау, ес, ойлау, қиялдау сияқты танымдық процестерді қамтитын когнитивтік; екіншісі — эмоционалды-еріктік процестерді қамтитын және субъектінің іс-әрекетін өзіндік реттеуге, өзін-өзі бақылауға қабілетін қамтамасыз ететін регулятивтік (реттеушілік); үшіншісі — басқа адамдармен қарым-қатынаста және өзара әрекетте іске асатын коммуникативтік [3].

Тұлғаның кіріктірмелі сипатының бірі — оның қабілеттері. Қабілет дегеніміз — іс-әрекетті орындаудың жетістікті болуын анықтайтын дара-психологиялық ерекшеліктер. Д.Н.Завалишина жалпы қабілеттерді адам іс-әрекетінің жетекші формаларын — орындау тәсілдерімен, ал арнайы қабілеттерді іс-әрекеттің жекелеген түрлерімен байланыстырады [4].

Кәсіби білім берудің түпкі нәтиже мақсаттық бағдарлануы мамандықтар стандарттарын жобалау қажеттілігін тудырды. Осы кәсіби стандарттардың мазмұндық және мағыналық мәні, білім берудің кілттік құзыреттіліктері ашылады. Студенттерде бұл құзыреттіліктерді қалыптастыру мамандардың фундаменталды даярлығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, құзыреттілік тұрғының бұрыннан қалыптасып қалған тұрғылардың (культурологиялық, ғылыми-білімдік, дидактикоцентристік, функционалды-коммуникативтік) жетілдірілген түрі ретінде қарастырылатынын айту керек. Басқаша айтқанда, құзыреттілік тұрғының әлі де болса педагогика теориясында өзіндік тұжырымдалуы біржақты аяқталмағанын, дегенмен, оның өзіндік сүйеніші бар (бұрыннан қалыптасқан теориялар) екендігін ескере кету керек (мұны Бермус ғылыми білімдер (лингвистика, заңтану, әлеуметтану) ғылыми аппаратына сүйенуі түрінде көрсетеді).

Ғылыми зерттеулерді талдау негізінде құзыреттілік тұрғының ерекшелігі — ол тұлғаның алынған білімдерді, іскерліктерді, іс-әрекеттің белгілі тәсілдерін пайдалану қабілеттерін көрсетіп қана қоймай, үздіксіз тұлғалық өзіндік жетілуін байқататындығында екенін көруге болады. Педагог мамандығы бір уақытта өзгертуші және басқарушы мамандық болып табылады. Ал тұлға дамуы процесін басқару үшін құзыретті болу керек.

Г.Р.Рақымжанова кандидаттық диссертациясы шеңберінде «құзыреттілік тұрғы» түсінігін нақтылайды. Оның ойынша, құзыреттілік тұрғы — тұлғалық және әлеуметтік маңызды нәтижелі іс-әрекет үшін қажетті білімдер, іскерліктер, дағдылар мен іс-әрекет және қарым-қатынас тәжірибесінен көрінетін өзара байланысқан құзырлар жиынтығы болып табылатын білім беру даярлығына алдын ала берілген әлеуметтік талаптарға, нормаларға бағдарлану [5].

Мамандықтың білім беру мазмұнын талдау арқылы педагогикалық іс-әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде жобалау іс-әрекетіне жете мән берілмегені анықталды. Ал жобалау іс-әрекетінің кәсіби оқыту маманының қазіргі күнде жетекші іс-әрекеті болып отырғанын, оның нәтижесі жобалау құзыреттілігі болып табылатындығын уақыт талабы көрсетті. Жалпы орта білім берудің жоғары сатысында бейіндік оқытуға көшіп отырған қазақстандық білім беру жүйесі үшін жобалау құзыреттілігіне ие мамандар даярлау бүгінгі күні көкейкесті мәселеге айналып отыр. Себебі өзінің кәсіби функциясын іске асыру барысында бейіндік оқыту жүйесінде жұмыс жасайтын педагог жаңа, элективті білім беру бағдарламаларын жобалау мәселесімен бетпе-бет кездеседі. Сонымен қатар оқыту процесін дұрыс жобалау арқылы ғана болжанған нәтижеге жету мүмкіндігі бар. Осының бәрі болашақ кәсіби оқыту педагогын жобалау іс-әрекетіне даярлау қажеттігін тудырады. Ал бұл мәселені шешудің жолы құзыреттілік тұрғы негізінде маманды жобалау іс-әрекетіне даярлау үлгісін, оның өлшемдері мен көрсеткіштерін және деңгейлік сипаттамаларын жасау болып табылады.

Кейінгі жылдарда жүргізілген зерттеулер дәстүрлі қалыптасқан білім беру жүйесіне өзгерістер енгізу керектігін дәлелдеді. Себебі заман ағымына сай білім беру жүйесіне тиісті өзгерістер енгізіліп отыруы керек.

Қазіргі уақытта кәсіби білім беру жүйесінің білім беру мазмұнында вариативтіліктің орын алуы осындай өзгерістерді енгізуге мүмкіндік береді. Егер осындай мүмкіндікті тиімді пайдалансақ, онда мамандарды кәсіби даярлау процесін тиімді жетілдіруге болады.

Арнайы білім беру мазмұнын кіріктіру үш деңгейлі мақсатты көздейді. Бірінші деңгейдің мақсаттары оқыту мазмұнын, оның құрылымы мен процестің ұйымдастырылуын жетілдіру болып табылады. Бұл мақсаттар білім беру мазмұнын жетілдіру барысында іске асырылады. Екінші кезең мақсаттары — білім алушыларды когнитивті, интеллектуалды-креативті, адамгершілік-этикалық сфераларда дамыту. Үшінші деңгейдің мақсаты болып маманның тұлға және кәсіби жетілген маман ретінде қалыптасуы табылады.

Болашақ кәсіби оқыту педагогын құзыреттілік тұрғы негізінде жобалау іс-әрекетіне даярлаудың үлгісі туралы айтпас бұрын ғылыми әдебиеттердегі «үлгі» түсінігінің мәнін ашып көрелік.

Ғалымдардың айтуынша, «үлгі» және «үлгілеу» категориялары ақпарат, басқару, жүйе, құрылым терминдері сияқты ғылым әдіснамасына біртіндеп кибернетикадан ауысып келді. «Философиялық сөздікте» үлгіге «үлгі (фр. «modele» латынның «modulus» сөзінен шыққан, *өлшем, образ, бейне, норма* деген ұғымды білдіреді) — логика мен ғылым әдіснамасында табиғи және әлеуметтік болмыстың, адамзат мәдениеті туындысының, тұжырымдық-теориялық білімнің т.б. (түпнұсқаның) белгілі бір фрагментінің аналогы (схемасы, құрылымы, белгілік жүйесі, сұлбасы)» деген анықтама берілген [6]. Бұл аналог түпнұсқа туралы білімді сақтау, кенейту, өзгерту немесе басқару үшін қызмет етеді. Гносеологиялық көзқарас бойынша үлгі — түпнұсқаның таным мен практикадағы «өкілі», «орынбасары». Осылайша, «үлгі» ұғымы аясында белгілі бір объектінің, процестің немесе құбылыстың оның орынбасары, өкілі ретінде пайдаланылатын кез келген образы, аналогы (ойша немесе шартты) түсіндіріледі. Бұдан бөлек, үлгі түсіндіру, болжау және эвристика құралы ретінде әрқашан танымдық роль атқарады.

«Үлгі» ұғымына жоғарыдағы анықтамаға ұқсас анықтаманы Я.Г.Неуймин берді: «Жалпы мағынасындағы үлгі (жалпыланған үлгі) дегеніміз — ақпарат алу немесе сақтау мақсатында құрастырылған, субъекті шешімін іздеген міндеттерге сәйкес объекті-түпнұсқаның сапаларын, сипаттарын және байланыстарын көрсететін спецификалық объект (ойша түрдегі, белгілік құралдармен немесе материалдық жүйемен бейнеленген)» [7].

Отандық және шетелдік ғалымдардың көпшілігі үлгілерді негізінен екі түрге (материалдық және идеалдық) бөледі. Үлгілерді осылай жіктеу кең мағынада болады, бірақ былайша бөлудің мақсаты

мен мағынасы алдымен зерттеуші алдында тұрған үлгінің табиғатын анықтаудан, содан кейін барып үлгі табиғаты арқылы анықталатын оның танымдық мүмкіндіктерін анықтаудан тұрады.

Қазіргі ғылымда үлгілеу әдісі уақыт өткен сайын кеңінен таралып келеді. Осыған байланысты Б.А.Глинский үлгілеудің танымалдылығының себептерін көрсетіп, талдайды. Оның ойынша, ол себептер мыналар: ғылыми-зерттеу пәнінің қарапайым масштабтағы объектіні зерттеуден нақты зерттеу жүргізу, сипаттау мүмкін болмайтын микро- және мегадүниені зерттеуге ауысуы; қазіргі ғылымда қолданылатын эксперименталдық құрылыстардың күрделенуі; таным жоғары деңгейдегі абстракциясыз мүмкін болмайтын ғылымның жетекші салаларында теорияның ролінің артуы т.б. Осы автордың ойынша, үлгілеу әмбебап әдістер қатарына жатады. Үлгілеу әдісінің әмбебаптығының объективті негізі ретінде болмыстың түрлі деңгейіндегі заттардың арасындағы ұқсастықтың объективті болуын көрсетеді. «Үлгілеу әдісі зерттеудің теориялық та, эмпирикалық та деңгейлерінде қолданылады. Эмпирикалық деңгейде ол өлшеу, сипаттау және басқа функцияларды атқару үшін қолданылса, теориялық деңгейде интерпретациялық, түсіндіру, болжау функцияларын, сол сияқты ойша экспериментте қызмет атқарады. Бұдан бөлек, екі деңгейде де үлгі өлшемдік (критериалдық) функция атқаруы мүмкін. Осы айтылған үлгінің гносеологиялық функцияларының көптүрлілігі үлгілеу әдісіне үлкен мәнділік береді және оның барған сайын кең таралуының маңызды себептерінің бірі болып табылады [8].

Үлгі функциялары туралы айта отырып, оның үлгілеу практикасында ескерілуі тиіс қасиеттері туралы айта кету керек. Үлгілеу процесіне арналған әдебиеттерді талдау «үлгі» терминінің қасиеттік сапалары әржақты қарастырылатынын көрсетті. Осыған байланысты Я.Г.Неуйминнің үлгілердің сегіз сапасын көрсеткен зерттеуі ерекше қызығушылық тудырады.

Оның айтуынша, біріншіден, «үлгі төрт компоненттен (субъект, субъект шешетін міндет, объект-түпнұсқа, сипаттау тілі, немесе үлгіні материалдық қайталау тәсілі) тұратын «төрт орындық конструкция» болып табылады». Жалпыланған үлгі құрылымында ерекше роль қалыптастырылатын үлгінің сипатын анықтайтын субъекті шешетін міндетке беріледі.

Екіншіден, әрбір материалдық объектіге тең дәрежеде адекватты, бірақ мәні жағынан әр түрлі, түрлі міндеттермен байланысқан сансыз көп үлгілер сәйкес болады.

Үшіншіден, міндет, объект парына бір ақпараттан тұратын, бірақ оны беру формасымен ерекшеленетін (үлгіні тікелей мақсатқа пайдалануды мүмкін ететін) көптеген үлгілер сәйкес келеді.

Төртіншіден, үлгі, оның анықтамасына сәйкес, тек объекті-түпнұсқаның салыстырмалы, жақындатылған бейнесі болып табылады, сондықтан ақпараттық қатынаста одан (түпнұсқадан) принципіалды түрде жұтандығымен ерекшеленеді (бұл оның іргелі сапасы).

Бесіншіден, үлгілердің барлық түрлері (оларды Я.Г.Неуймин үшке бөліп қарастырады — тұжырымдық, белгілік және материалдық) ақпараттық тұрғыда тең дәрежелі. Дегенмен, автордың айтуынша, практикада тұжырымдықтан материалдық немесе белгілік үлгіге өту үлгінің мазмұндық баюына, объекті туралы қосымша мәліметтер алуға әкеледі.

Алтыншыдан, «субъекті шешетін міндет шарттары мен талаптары өте маңызды жүктеме арқалайды: олар негізінен кез келген үлгі құру барысында анық немесе жасырын көрінетін шектеулер мен мүмкіндіктерді анықтайды» [7].

Жетіншіден, объекті табиғатына, шешілетін міндет сипатына және іске асыру тәсіліне тәуелсіз кез келген үлгі ақпараттық құрылым болып табылады.

Сегізіншіден, бастапқы объектіні шексіз үлгілеу мүмкіндігі болады.

Б.А.Глинский өз зерттеулерінде үлгілеу процесінің құрылымын анықтауды мақсат етіп қояды. Оның пікірінше, үлгілеу процесі: 1. белгілі бір мақсатта заттардың немесе табиғат, қоғам немесе ойлау процестерінің заңдылықтарын зерттеуші субъектісі; 2) зерттеу объектісі; 3) танитын субъекті мен танылатын объектінің қатынастарын көрсететін үлгі болып табылады.

Өз кезегінде, осы процестің құрылымын автор төрт компоненттің: міндет қою; үлгі құру; үлгіні зерттеу; білімдерді көшірудің жиынтығы ретінде көреді.

Үлгілеу процесінің осыған ұқсас сұлбасын Я.Г.Неуймин де ұсынады. Біз өз жұмысымызда Я.Г.Неуйминнің зерттеулеріне сүйене отырып, үлгілеудің осы сұлбасын басшылыққа алатын боламыз.

Қорыта айтқанда, құзыреттілік тұрғының мақсаты — толыққанды кәсіби, өндірістік-технологиялық, ғылыми-әдістемелік, зерттеушілік, тағы басқа іс-әрекетке даяр бәсекеге қабілетті маман тұлғасын кәсіби қалыптастыруды қамтамасыз ету.

Ал оның міндеттері — біріншіден, болашақ маманда өзінің кәсіби білімі мен кәсіби іс-әрекетіне құндылықтық қатынас қалыптастыру; екіншіден, оның тұлғасының кәсіби әлеуетін арттыру; үшіншіден, қоғамдық өмірде маманның толық өзіндік тұлғалық қасиеттерін көрсетуге даярлау.

Сонымен, құзыреттілік тұрғының кәсіби білім беруді қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылатыны, оның құрылымдық компоненттерін қалыптастыру жалпы және кәсіби білім берудің нақты мақсаттары болып табылатыны анықталды.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Аксенова Г.И.* Студент как объект образовательного пространства. — М.: Просвещение, 1998. — 267 с.
- 2 *Зеер Э.Ф. и др.* Модернизация современного образования: компетентностный подход. — М.: МСПИ, 2005. — 216 с.
- 3 *Ломов Б.Ф.* Методологические и теоретические проблемы психологии. — М., 1984.
- 4 *Завалишина Д.Н.* Психологическая структура деятельности // Развитие и диагностика способностей. — М., 1991.
- 5 *Рахимжанова Г.Р.* Компетентностный подход в формировании культуры педагогического общения будущих учителей: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. — Караганда, 2009. — 28 с.
- 6 *Философский словарь* / Под ред. И.Т.Фролова. — 5-е изд. — М.: Политиздат, 1987. — 680 с.
- 7 *Неуймин Я.Г.* Модели в науке и технике. — Л.: Наука, 1984. — 189 с.
- 8 *Талызина Н.Ф.* О психолого-педагогической подготовке преподавателей в университете // Вестн. высш. шк. — 1985. — № 5. — С. 32–36.

С.А.Кипшаков, И.С.Утебаев, Г.Б.Бокаева

#### **Подготовка педагогов профессионального обучения к проектной деятельности на основе компетентного подхода**

Статья посвящена проблеме формирования проектной культуры студентов как части их профессиональной деятельности. Одним из условий формирования проектной культуры будущих специалистов является метод проектного обучения. В статье дано обоснование одной из наиболее эффективных лично-ориентированных педагогических технологий — технологии проектного обучения, позволяющей реализовать новые цели образования, а также подготовить конкурентоспособного специалиста в условиях меняющихся требований рынка труда. Авторами достаточно подробно представлена методика обучения, основанная на методе проектов, которая предусматривает поэтапное выполнение проекта, с решением задач каждого этапа.

Article is devoted to the problem of formation of design culture of students, as parts of their professional work. One of conditions of formation of design culture of the future experts is the method of design training. In article the substantiation of one of the most effective personal-focused pedagogical technologies — technologies of the design training is given, allowing to realize the new purposes of formation, and also to prepare the competitive expert in the conditions of varying requirements of a labor market. Authors in detail enough present the technique of training based on a method of projects which provides stage-by-stage performance of the project with the decision of problems of each stage.